

|                                                                                   |                                                                                                                                                    |        |                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-----------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ<br>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» |        |                 |
|                                                                                   | Ғылыми технологиялық парк                                                                                                                          | Саясат | Редакция: 1     |
|                                                                                   |                                                                                                                                                    |        | Страница 1 из 7 |

Бекітілген  
Ғылыми кеңестің  
шешімімен  
29.01.2026 жылғы  
№ 8 хаттамасымен

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина  
университеті» КеАҚ  
Академиялық еркіндік және ғылыми зерттеулердің  
тәуелсіздігі саясаты**

|                                                                                     |                                            |                                          |
|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|------------------------------------------|
| Қолдану мерзімі<br>2026 ж. «29» қаңтардан бастап<br><br>2029 ж. «29» қаңтарға дейін | Ұзарту мерзімі<br>«__» _____ 20__ ж. дейін | Мәртебесі:<br>Қолданыстағы ✓<br>Ескірген |
| Алдыңғы ескірген құжат: -                                                           | Құжатты басқаруға жауапты<br>тұлғаның қолы | Код №<br>Көшірме №<br>Дана №             |

Алматы – 2026 ж.

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |        |                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-----------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |        |                 |
|                                                                                   | Ғылыми технологиялық парк                                                                                                                                                                | Саясат | Редакция: 1     |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |        | Страница 2 из 7 |

## Мазмұны

|     |                                       |   |
|-----|---------------------------------------|---|
| 1.  | Жалпы ережелер                        | 3 |
| 2.  | Нормативтік сілтемелер                | 3 |
| 3.  | Саясатты іске асыру қағидаттары       | 4 |
| 4.  | Академиялық еркіндік                  | 4 |
| 5.  | Ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігі     | 4 |
| 6.  | Ғылыми этика және академиялық адалдық | 5 |
| 7.  | Институционалдық кепілдіктер          | 5 |
| 8.  | Жауапкершілік және бақылау            | 5 |
| 9.  | Қорытынды ережелер                    | 5 |
| 10. | Өзгерістерді тіркеу парағы            | 6 |
| 11. | Танысу парағы                         | 7 |

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |        |                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-----------------------------------------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |        |                                                                       |
|                                                                                   | Ғылыми технологиялық парк                                                                                                                                                                | Саясат | <p align="right">Редакция: 1</p> <p align="right">Страница 3 из 7</p> |

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Академиялық еркіндік және ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігі саясаты (бұдан әрі – Саясат) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) академиялық еркіндік пен ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету қағидаттары мен тетіктерін айқындайды.

2. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университет Жарғысына, ғылым мен білім беру саласындағы ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ академиялық еркіндік, ғылыми этика және үздік университеттік тәжірибелердің халықаралық қағидаттарына сәйкес әзірленген.

3. Саясаттың күші профессорлық-оқытушылық құрамға, ғылыми қызметкерлерге, білім алушылардың барлық санаттарына, әкімшілік-басқару персоналына және Университеттің білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметіне қатысатын өзге де тұлғаларға қолданылады.

4. Университет академиялық еркіндік пен ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігін медициналық ғылымды, клиникалық практиканы, қоғамдық денсаулық сақтау мен инновацияларды дамытудың негізгі шарттары деп есептейді.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

5. Осы Саясат төмендегі сыртқы нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1) 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 3) 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 4) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 5) 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-310/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидалары және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптар» туралы бұйрығы;
- 6) ISO 9001:2015 халықаралық стандарты, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесінің бекітілген құжаттары (Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары, сапа жөніндегі нұсқаулық, сапа бойынша құжатталған рәсімдер және т.б.);
- 7) ISO 37001:2016 халықаралық стандарты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптары.

6. Осы Саясатты әзірлеу кезінде төмендегі ішкі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- 1) Университет Жарғысы;
- 2) Университеттің Академиялық саясаты;
- 3) Университеттің ғылыми-технологиялық паркі туралы ереже;
- 4) Университеттің биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиясы туралы ереже;

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |        |             |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |        |             |
|                                                                                   | Ғылыми технологиялық парк                                                                                                                                                                | Саясат | Редакция: 1 |
|                                                                                   | Страница 4 из 7                                                                                                                                                                          |        |             |

5) Университеттің ғылым департаменті туралы ереже.

### **3. Саясатты іске асыру қағидаттары**

7. Саясат келесі қағидаттарға негізделеді:

1) ғылыми ізденіс, оқыту және білім алудың еркіндігі;

2) зерттеу бағыттарын, тақырыптарын және әдіснамасын таңдаудағы автономия;

3) ғылыми адалдық және академиялық шыншылдық;

4) ғылыми нәтижелердің сапасы, дәлдігі және қайталанғыштығы үшін жауапкершілік;

5) кәсіби, биоэтикалық және зерттеу этикасы нормаларын сақтау;

6) ғылыми және білім беру қызметіндегі қысым жасауға, цензураға немесе кемсітушілікке жол бермеу;

7) ғылыми үдерістің айқындылығы мен ашықтығы.

### **4. Академиялық еркіндік**

8. Университет білім беру және ғылыми-зерттеу процесінің барлық қатысушыларына академиялық еркіндікке кепілдік береді.

9. Академиялық еркіндік мыналарды қамтиды:

1) бекітілген білім беру бағдарламалары шеңберінде оқытудың нысандары, әдістері мен құралдарын дербес айқындау;

2) ғылыми, кәсіби және клиникалық көзқарастарды еркін талқылау және білдіру;

3) ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін жариялау;

4) ғылыми пікірталастарға, конференцияларға, консорциумдарға, жобаларға және академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу.

10. Академиялық еркіндікті іске асыру академиялық жауапкершілік, ғылыми этика қағидаттары, пациенттердің, білім алушылардың және өзге де қатысушылардың құқықтарын құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

### **5. Ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігі**

11. Университет ғылыми зерттеулердің саяси, идеологиялық, діни, коммерциялық және өзге де заңсыз ықпалдардан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, ғылыми тәуелсіздік қағидаттарын сақтай отырып, индустриямен заңды ынтымақтастық нысандарын және зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруды шектемейді.

12. Зерттеушілер ғылыми деректер негізінде зерттеудің бағыттарын, дизайнын, әдістерін дербес айқындайды, сондай-ақ қорытындылар мен интерпретацияларды өз бетінше тұжырымдайды.

13. Қаржыландыру көздері зерттеушілердің ғылыми автономиясын шектей алмайды, нәтижелерді түсіндіруге әсер ете алмайды және ғылыми тұжырымдарға түзету енгізуді талап ете алмайды.

14. Университет зерттеушілердің ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау құқығына заңнама талаптарын, шарттар талаптарын, зияткерлік меншік нормаларын және биоэтикалық стандарттарды сақтай отырып кепілдік береді.

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |                              |                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                              |                                                                             |
|                                                                                   | <p align="center">Ғылыми технологиялық парк</p>                                                                                                                                          | <p align="center">Саясат</p> | <p align="right">Редакция: 1</p> <hr/> <p align="right">Страница 5 из 7</p> |

## **6. Ғылыми этика және академиялық адалдық**

15. Ғылыми қызметке қатысушылардың барлығы ғылыми этика, академиялық адалдық және адал еңбек қағидаттарын сақтауға міндетті.

16. Плагиат, деректерді бұрмалау және қолдан жасау, заңсыз авторлық, нәтижелерді жасыру немесе бұрмалау, сондай-ақ ғылыми қорытындыларды өзгерту мақсатындағы қысым көрсетуге жол берілмейді.

17. Бұзушылықтарды қарау Университетте белгіленген тәртіппен, оның ішінде Локалдық биоэтика комиссиясы мен басқа уәкілетті органдардың рәсімдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

## **7. Институционалдық кепілдіктер**

18. Университет Саясатты іске асыруды зерттеу инфрақұрылымын дамыту, ғылыми бастамаларды қолдау, халықаралық ғылыми ресурстарға қолжетімділік және жарияланымдық әрі халықаралық белсенділікті ынталандыру арқылы қамтамасыз етеді.

19. Университеттің басқару органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ғылыми зерттеулер мен білім беру процесінің мазмұнына араласпайды.

20. Университет қызметкерлер мен білім алушыларды академиялық еркіндік пен ғылыми зерттеулердің тәуелсіздігін іске асыруға байланысты кез келген қысымнан, қудалаудан немесе санкциялардан қорғайды.

## **8. Жауапкершілік және бақылау**

21. Оқытушылар, зерттеушілер және білім алушылар осы Саясаттың ережелерін сақтауға жауапты.

22. Академиялық еркіндік қағидаттары мен ғылыми зерттеулер тәуелсіздігінің бұзылуы Университетте белгіленген тәртіппен қаралады.

23. Құрылымдық бөлімше басшылары еркін, этикалық және тәуелсіз ғылыми қызметке ықпал ететін ортаны қалыптастыруға жауапты.

## **9. Қорытынды ережелер**

24. Осы Саясат Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

25. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

26. Саясат Университеттің ресми веб-сайтында орналастырылады және жалпы қолжетімді болып табылады.



## Саясат

Страница 6 из 7

[illegible]



## Саясат

Страница 7 из 7

[illegible]